

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 61 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 606 - қосымша

Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) сөйлеу іс-әрекетінің негізгі түрлерін дамыту (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);

2) сөздік қорын дамыту, коммуникативті-белсенді лексикамен байыту;

3) қазақ тілі нормаларына сай грамматикалық түсініктерді, синтаксистік құрылымдарын құрастыру біліктілікті қалыптастыру;

4) жеке тұлғаның жанасқыш қасиетін дамыту: сөйлеу қарым қатынасты қажетсіну, өз ойын, пікірін жеткізе білуді үйрету;

5) түрлі әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптар бойынша диалог құрастыра білу және түрлі пікірдің болуын қабылдай білу дағдыларын дамыту;

6) қазақ тілінің саяси-әлеуметтік әлеуетін ұғындыру; қазақ, орыс және өзге тілдердің құндылықтарын, олардың өзара байланысын түсінуді қамтамасыз ету;

7) тілдік құралдарды монологта қолдану дағдыларын, сауатты жазу тілін қалыптастыру;

8) каллиграфиялық жазу дағдысын және сауатты жазуды дамыту;

9) шығармашылықпен жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру.

4. Түзете - дамыту міндеттері:

1) көрнекі-бейнелеу, сөздік-логикалық ойлауды, талдау, салыстыру, жалпылау ойлау операцияларын дамыту;

2) зейінді белгілі бір әрекетке шоғырландырып, оны тұрақты етуге, ол үшін алаңдатушы тітіркендіргіштерге жол бермей, зейін көлемін ұлғайту қабілеттерін түзете - дамыту;

3) таным әрекетін белсендіру; сөйлеу ақпаратты қабылдау және өндеу процестерді түзеу және дамыту, сөздік қорын молайту, сөздің мағынасын анықтау, лексикалық жүйесін қалыптастыру, сөздердің арасындағы байланыстарды бекіту, ауызекі сөйлеу қабілеттерін түзете - дамыту;

4) қысқамерзімді, ұзақмерзімді, логикалық, механикалық жадын, көріп – естіп жадында сақтауын түзете - дамыту;

5) психикалық процестердің еріктігін дамыту, оқу іс-әрекетінің құрылысын құлыптастыру: мақсаттарды қабылдау, түсіну, әрекетін жоспарлау, мақсатқа жету амалын ойластыру, маңызды жақтарды іріктеу, өндеу, өзін-өзі бақылау және бағалау, «білім алушы» әлеуметтік ролін сәтті іске асыру.

6) практикалық оқу және білімді өз бетінше таба білу дағдыларын қалыптастыру;

7) эмоциялық-тұлғалық, әлеуметтік дамуының кемшіліктерін түзету.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. «Қазақ тілі» пәніне оқыту құндылыққа-бағдарланған, тұлғаға-бағдарланған, іс-әрекеттік, коммуникативтік тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

6. Құндылыққа-бағдарланған тәсіл «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде білім алушылардың тұлғалық дамуына ықпал ете отырып, тілдік оқу іс-әрекетінің жоспарлы қалыптасу стратегиясын анықтайды: соған сәйкес тіл дамыту арқылы әлемдік мәдениеттің жауһарларына баулу әлемнің тұтас көркем суретін қалыптастыруға, патриоттық сезімдерді, полимәдени қоғамдағы толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеуге, шығармашылық ойлауды, өнімді қиялды, рефлексияны белсендіруге бағытталған, жалпы бұл өсіп келетін адамның танымдық және әлеуметтік дамуын арттырады.

7. Тұлғаға-бағдарланған тәсіл оқу процесін сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың әрқайсысына қатысты дараландыру мақсатында қолданылады: олардың шығармашылық әлеуетін іске асыру, өнерге өзінің көзқарасын білдіруге дайын болу, құндылықты мағыналық бағдарларды қалыптастыру, өзіндік сананың қалыптасуы, оң өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі құрметтеу, өмірлік оптимизм және психикалық, дене және сөйлеу дамуының

жеке ерекшеліктерін, мінез-құлықтың қажеттіліктері мен уәждерін ескере отырып шығармашылығын толық ашу.

8. Іс-әрекеттік тәсілдің маңызы - білім алушының тіл саласынан алатын білімдерін дайын түрінде қабылдамайды, ол оларды өзі тауып үйренеді, өзінің тілдік-оқу іс-әрекетінің мазмұны мен нысандарын түсінеді, оның нормалары жүйесін түсінеді және қабылдайды, бұл оның біліктерінің шынайы өмірде қажетті ақпаратты алу, іріктеу, өндеу және беру үшін белсенді және табысты қолданылуына ықпал етеді.

9. Коммуникативтік тәсіл қазақ тілі сабақтарында нақты қарым-қатынас жағдайын пайдалануды, белсенді шығармашылық қызметті ұйымдастыруды, ұжымдық жұмыс түрлерін қолдануды, проблемалы жағдайларға сабақтардың шығармашылық түрлеріне назар аударуды көздейді және тиімді коммуникация процесіне балаларды тартуды қарастырады, мұның көрсеткіштері келесі дағдылар:

- 1) тыңдау және диалогқа түсу;
- 2) тақырып бойынша мәселелерді ұжымдық талқылауға қатысу;
- 3) сабақ барысында сыныптастарымен, ересектермен тиімді әрекеттесу;
- 4) сабақ кезінде жеке және топтық тапсырмаларды орындауда мұғаліммен, сыныптастарымен бірлескен әрекеттесуді жоспарлау;
- 5) топтағы әрбір мүшенің мақсат-міндетін, әрекеттесу амалын анықтау;
- 6) шиеліністік этиканы сақтау, тиімді шешу, шиелінісен шығу;
- 7) коммуникация міндеттері мен шарттарына қарай өз ойын барынша толық және дәлірек жеткізу.

10. Сабақтардағы оқыту процесінің нәтижелі тәсілдер мен құралдары:

- 1) тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою;
- 2) берілген тақырыпқа және балалар қызығатын тақырыптарға әңгімелесу;
- 3) алдынала дайындалған сұрақтар бойынша сұхбат алу;
- 4) жауаптарды ролдік ойын түрінде өзіндік және өзара талдау;
- 5) жоспарланған тақырып бойынша пікірталас/аргументпен бөлісу;
- 6) диалог құрастыру;
- 7) берілген бастамасы, атауы бойынша оқиғаларды алдынала болжау, сурет немесе/және тақырып бойынша мәтін құрастыру;
- 8) әдебиетпен жұмыс: сұхбатқа сұрақ-жауап дайындау;
- 9) түрлі мақсаты бар оқу: танысу, оқиғаның мағынасы мен [егжей-тегжейін](#) түсіну, ақпаратты табу, көңіл көтеру үшін; өз пікірін айту үшін;
- 10) тыңдалған/оқылған мәтінді қысқаша айтып беру;
- 11) оқыған кітап/ көрген фильм жайлы алған әсерін сипаттау;
- 12) оқиға желісін қысқаша айтып беру, репортаж жасау;
- 13) ақпаратты диаграмма, график, маркермен сурет салу арқылы ұсыну.

11. Бағдарламада ақпараттық-коммуникациялық дағдыларды қалыптастыру, оқытудың нәтижелігін арттыру мақсатында келесі жұмыс түрлері: мәтін, слайд, тест сияқты материалдармен жұмыс жасау үшін қарапайым

программаларды қолдану (Word (ворд), Power Point (Пауэр пойнт); электронды оқулықтарды қолдану қарастырылған.

12. Мұғалім мультимедиялық, электронды жабдықтарын білім алушылардың психофизиологиялық, неврологиялық ерекшеліктерін есепке алып, санитарлық ережелер мен нормаларға сай шектеулі мөлшелерін сақтап пайдаланады, ал дәстүрлі дидактикалық құралдарды артық көріп, оларды кеңінен қолданады:

- 1) үйлестірме материалдар (карточкалар, суреттер, пазлдар);
- 2) флипчарт, маркер;
- 3) әдебиетті: суреті бар кітаптар, әңгімелер, тақпақтар, ертегілер;
- 4) жас мөлшеріне сай журналдар;
- 5) аутентті (түпнұсқалық) материал;
- 6) ұлттық киімі бар қуыршақтар, декорациялар, аксессуарлары – көрсетілімдер мен ойындар және ұлттық ойындар үшін;
- 7) постер, панно және карталар;
- 8) сөздіктер;
- 9) балалар энциклопедиялары.

13. Білім алушылардың жетістіктері бағдарламада көрсетілген мақсаттарға сәйкес келуін анықтаудың құралы ретінде критериалды бағалау жүйесі болып табылады, ол формативті және жиынтық бағалаудан тұрады. Мұғалім білім алушының мүмкіндіктерін есепке ала отырып формативті және суммативті бағалау үшін тапсырмалар құрастырады. Оның ішіне:

- 1) грамматикалық және семантикалық рәсімдеу бойынша тұжырымдамаларды жеңілдету;
- 2) көп буынды нұсқауды тапсырманы орындаудың қадамдылығын көрсететін қысқа мағыналық бірліктерге бөлу;
- 3) қажетті жағдайда сараланған көмек беру: ынталандырушы (мақұлдау, эмоционалды қолдау), ұйымдастырушы (зейін аудару, жұмысты орындауға шоғырландыру, өзін-өзі тексеру қажеттілігі туралы ескерту), бағыттаушы (тапсырмаға нұсқаулықты қайталау және түсіндіре алу);
- 4) тапсырмаларды орындауға уақытты ұлғайту.

3-тарау. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

14. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 64 сағатты;
- 2) 1-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 66 сағатты;
- 3) 2-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 4) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 5) 4-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

15. Бағдарлама мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Тыңдалым»;

- 2) «Айтылым»;
- 3) «Оқылым»;
- 4) «Жазылым»;
- 5) «Тілдік нормаларды қолдану».

16. «Тыңдалым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тыңдалым тәсілдерін қолдану;
- 2) сөздің лексикалық мағынасын түсіну;
- 3) тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну;
- 4) мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну;
- 5) тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну.

17. «Айтылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөздік қорды толықтыру;
- 2) берілген тақырып бойынша ойын жеткізу;
- 3) түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану;

- 4) оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау;
- 5) тыңдау-көру материалдары негізінде сөйлем құрастыру;
- 6) оқыған/тыңдаған материал бойынша өз көзқарасын білдіру.

18. «Оқылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) оқу түрлерін қолдану;
- 2) мәтіннің мазмұнын түсіну;
- 3) мәтіннің жанры мен түрін анықтау;
- 4) сұрақтар қоя білу және жауап беру;
- 5) түрлі дереккөздерден қажетті ақпарат алу.

19. «Жазылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу;
- 2) тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу;
- 3) пунктуациялық нормаларды сақтау;
- 4) каллиграфиялық нормаларды сақтау.

20. «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) грамматикалық нормаларды сақтау;
- 2) орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау.

21. 0-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: қысқа, нақты, қарапайым хабарламаларды көрнекілікке сүйеніп түсіну, дене мүшелеріне қатысты бұйрықтарды түсіну, тақырыпқа байланысты қарапайым сөздерді түсіну, баяу, нақты айтылған хабарламаларды түсіну;

2) айтылым: амандасу, танысу, қысқа диалогтік сөйлеу, сөйлемде «бар»/«жоқ» сөздерін қолдану, монологтік сөйлесім, баяндаудың қысқаша қарапайым түрі, суретті тақырып бойынша қарапайым сипаттау, клишені қатысымда қолдану, затты сипаттау;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін дауыстап оқу, таныс сөздерді оқу барысында лексикалық

мағынасына сәйкестендіру, тақырыпқа байланысты қысқа сөйлемдерді дауыстап оқу, түсінгенін сурет, сызба, жауап беру арқылы көрсету;

4) жазылым: әріпті, буынды графикалық нұсқасына қарап жазу, әріп элементтерін дұрыс жазу, сөзді графикалық нұсқасына қарап жазу, жазбаша қарапайым сұрақ, жазбаша қарапайым жауап;

5) тілдік нормаларды қолдану: заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздер, оларды ажырату және ауызша тілде қолдану, сілтеу есімдіктер және олардың қолдану, әріп пен дыбысты ажырату, төл дыбыстардың айтылуы, бас әріппен жазылатын сөздер түрлері (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген есімдер) және оларды қолдану.

22. 1-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: қысқа, нақты, қарапайым хабарламаларды көрнекілікке сүйеніп түсіну, дене мүшелеріне қатысты бұйрықтарды түсіну, тақырыпқа байланысты мұғалім мен сыныптастарының сөздерін түсіну, тыңдағанда көрнекілікке сүйеніп қарапайым шағын хабарламаларды түсіну, көрнекілікке сүйеніп қарапайым, нақты айтылған шағын хабарламаларды түсіну;

2) айтылым: диалогтік сөйлесім, амандасу, танысу, қысқа диалогтік сөйлесу, диалог-сұрақ, монологтік сөйлесім, баяндаудың қысқаша қарапайым түрі, суретті (тақырып бойынша) қарапайым әңгімелеу, 1-10 дейін санау, бір-бірімен бұйрық алмасу, күнделікті іс-әрекетті сипаттау, клишені қатысымда қолдану, заттарды қосу;

3) оқылым: тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін дауыстап оқу, тақырыпқа байланысты сөйлемдер оқу, қысқа мәтіндерді оқығанда негізгі ақпаратты тауып алу, түсінгенін сурет, сызба және жауап беру арқылы көрсету, таныс тілдік бөлім негізінде құрастырылған сөйлемдер мен қысқа мәтіндерді мәнерлеп оқу;

4) жазылым: сөз бен сөйлемді графикалық нұсқасына қарап жазу, заттың атын білдіретін сөздер, заттың қимылын, санын білдіретін сөздер сияқты грамматикалық тақырыптардан қарапайым түсініктер беру;

5) тілдік нормаларды қолдану: заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздерді табу, ажырату және ауызша тілде дұрыс қолдану, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларды қолдану, етістіктің шақтар, бұйрық рай, болымсыз етістіктерді қолдануды жаттықтыру, сілтеу есімдіктер туралы түсінік, сілтеу есімдіктерді қолдану, сөйлемдегі сөз тәртібі, сөйлемді құрастыру, әріп пен дыбысты ажырату, төл дыбыстарды дұрыс айту, «ә», «ө», «ү», «ұ», «і», «н», «қ», «ғ», «һ» әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу, бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген ат) ажырату.

23. 2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: өзіне таныс тақырыптағы нақты айтылған, шағын хабарламаларды түсіну, тыңдаған мәтіндегі затты көрсету, суреттеу, тыңдаған мәтін арқылы сұраққа жауап беру;

2) айтылым: диалогтік сөйлесім, диалог-мәлімет, клишені қатысымда қолдану, монологтік сөйлесім, диалог-сұрақ, баяндау, диалог-реплика, диалог-жауап, шағын монолог, сипаттау, іс-әрекетті сипаттау, сұрақ-жауап алмасу;

3) оқылым: шағын мәтіндердегі сөздер мен фразалардың дауыс ырғағын дұрыс қойып оқу, іштей оқу, шағын мәтіндерді дұрыс түсінгенін таблица толтыру және суреттерді орналастыру арқылы білдіру, оқу техникасын жолға қою, мәнерлеп оқу, тездетіп оқу, түсініп оқу;

4) жазылым: сөйлемді графикалық нұсқасына қарап жазу, жазбаша жауап, жазбаша сұрақ, сызба бойынша сөз тіркесін құрап жазу, суреттердің атауларын дұрыс тауып, сөйлем құрап жазу, көшіріп жазу;

5) тілдік нормаларды қолдану: заттың атын/ сынын/ санын/ іс-қимылын білдіретін сөздердің мағнасы мен анықтамалары, еркін сөйлеуде дұрыс қолдануы, сөздердің көптік/ тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларына түсініктемелер, оларды еркін сөйлеуде қолдану, етістіктің шақтары, бұйрық рай, болымсыз етістікті қолдану, сілтеу, сұрау есімдіктері, оларды ажырату және сөйлеуде қолдану, сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату, сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем құрастыру, айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айту және жазу, «ә», «ө», «ү», «ұ», «і», «ң», «қ», «ғ», «һ» әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу.

24. 3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: таныс сөздер мен қысқа фразаларды ұғу, күнделікті өмірде жиі қолданылатын сұхбаттарды пікірлеу, сурет бойынша жұмыс, сұраққа жауап, өз бетінше жұмыс, тағы басқа әр түрлі әдістермен алмастырылып отырады;

2) айтылым: диалог, баяу, нақтылы, түсінікті берілген сұхбаттарды түсіну, айту, өзіне қойылған қарапайым, жеңіл сұрақтарға жауап беру, қысқа диалог, монолог, баяндау, сипаттау, диалог-мәлімет, диалог-талап, диалог-реплика, диалог-сұрақ;

3) оқылым: таныс атауларды, сөздерді оқып, түсіну, түрлі түсті суреттермен безендірілген мәтіндерді оқу, түсіну, оқу техникасын жетілдіру, қисынды ойлау қабілетін, өз бетімен жұмыс жасау қабілетін жандандыру, тілдерін ширату, тапсырмалардың ауыр-жеңіл түрлерін саралап, деңгейлеп оқу;

4) жазылым: аты-жөні, мекенжайы туралы жазу, мерекелерге арналған қысқа құттықтаулар жазу, жазу дағдыларын нығайту, сауат ашу жұмыстарын іске асырып отыру, жаңа грамматикалық тақырыптарды енгізу, жазу ережелерін көрнекілік бойынша үйрету, жазу дағдыларын қалыптастыру;

5) тілдік нормаларды қолдану: зат есім, сын есім, сан есім, етістіктің анықтамасы мен түсініктері, заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану, сөйлемнің түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату және құрастыру, көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде және кесте арқылы жазбаша тілде қолдану, есімше және тұйық етістіктер, есімшенің түрлері және оларды қолдану, жіктеу есімдіктерінің септелуі, септеулік шылауларды ауызша тілде қолдану, айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы,

лепті) ажырату және құрастыру, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлемдерді құрастыру, орфоэпиялық және орфографиялық сөздікті қолдану, жаңадан кездесетін сөздерді орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктерді пайдаланып қатесіз дұрыс жазу және айту. дауыссыз «б-п», «қ-ғ», «к-г» жұп дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту және емлесін сақтап жазу.

25. 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мұғалімнің, сыныптастарының сөздеріндегі күнделік туралы ақпараттар түсіну, тіл байлығын дамыту, сөйлесу әрекетін жетелеу, танымдық, зерделік, ізденімдік, көрсетімдік жұмыс түрлерін іске асыру, тірек сөздер арқылы болжау, негізгі мазмұнын түсіну, нақты ақпаратты анықтау, негізгі тақырыпты анықтау;

2) айтылым: жаңа сөздерді дұрыс, орынды қолдану, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты сөздердің мағынасын түсіну, мәтіндердің мазмұнын түсіну, негізгі тақырыпты анықтау, сұрақтарға жауап беру, тақырып бойынша диалог, монолог түрлерінде сөйлеу;

3) оқылым: негізгі ақпаратты анықтау, тақырыбын анықтау, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру, танымдық оқылым, зерделік оқылым, іштей оқу, дауыстап оқу, сызба бойынша алған білімін дәлелдеу, сурет бойынша өз ойын айта білу;

4) жазылым: отбасы туралы шағын мәтін, берілген тірек сөздер бойынша сөйлем құрау, сұрақтарға жауап жазу, сұрақтар бойынша сөйлем құрау, суреттер бойынша сөйлем құрау, сөздерді толықтыру, жоғалған әріптерді тауып жазу, дұрыс көшіріп жазу, жазбаша аудару, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік нормаларды қолдану: заттың атын/ сынын/ санын/ іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын түсіну, ажырату, оларды ауызша және жазбаша тілде дұрыс қолдану, көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде және жазбаша тілде кесте арқылы еркін қолдану, сөйлеу барысында түрлі қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді (есімше, көсемше, рай) қолдану, жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша және жазбаша тілде қолдану, сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) еркін қолдану және бір түрден екінші түрге айналдыру, құрмалас сөйлемдерді құрастыруда сөз тәртібін сақтау, айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді табу, дұрыс жазу және айту сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын ескеріп айту және жазу.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

26. Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан

сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1 кодында «1» - сынып; «2.1» - дағдылар; «1» - оқу мақсатының реттік нөмірі.

27. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Тыңдалым» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	0.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, мұғалімнің көмегімен түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)	1.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, мұғалімнің көмегімен түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)	2.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және қарапайым сөйлемдерді мұғалімнің көмегімен түсініп қайталау	3.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және түсіну, жеке сөйлемдердің мағынасын нақтылау үшін мұғалімнің көмегімен сұрақтар қою	4.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын басқаша өзгертіп айту үшін тыңдау және мұғалімнің көмегімен түсіну
1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну	1.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну	2.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну	3.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын мұғалімнің көмегімен түсіну	4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мәнмәтінге қатысты мағынасын анықтап мұғалімнің көмегімен түсіну
1.3 Тыңдаған мәтіннің	0.1.3.1 тыңдаған мәтін	1.1.3.1 тыңдаған мәтін	2.1.3.1 тыңдаған мәтінге	3.1.3.1 тыңдаған мәтіннің	4.1.3.1 мәтіннің мазмұны

мазмұнын түсіну	мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/суреттер/сызбалар таңдау	мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/суреттер/сызбалар таңдау	мұғалімнің көмегімен иллюстрация/суреттер/сызбалар таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап беру	мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша мұғалімнің көмегімен иллюстрациялар орналастыру, кесте толтыру	бойынша сұрақтарға жауап беру және түйінді тұстарын мұғалімнің көмегімен анықтау
1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну	1.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну	2.1.4.1 тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну және кейіпкерлер мен оқиғалардың ретін мұғалімнің көмегімен анықтау	3.1.4.1 тыңдаған материал бойынша себеп-салдарының байланысын (негізгі ой, кейіпкерлер, оқиға) мұғалімнің көмегімен анықтау	4.1.4.1 тыңдаған материалдағы негізгі ойды мұғалімнің көмегімен анықтау
1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	0.1.5.1 мұғалімнің көмегімен қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/көрген мәтінді түсінгенін білдіру	1.1.5.1 мұғалімнің көмегімен қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/көрген мәтінді түсінгенін білдіру	2.1.5.1 тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну, сұрақтар қою және мұғалімнің көмегімен сипаттау	3.1.5.1 тыңдау-көру материалдарындағы оқиғаларды түсіну, кейіпкерлері туралы сұрақтар қою және оларды мұғалімнің көмегімен сипаттау	4.1.5.1 тыңдау-көру материалының мазмұны бойынша негізгі ойды анықтауға жетелейтін сұрақтар қою және телебағдарлама үзіндісіндегі музыка, сөз және

					бейнелердің маңызын мұғалімнің көмегімен анықтау
--	--	--	--	--	--

2) «Айтылым» бөлімі:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Сөздік қорды толықтыру	0.2.1.1 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында танысу, өзін туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану	1.2.1.1 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында танысу, өзін туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану	2.2.1.1 сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін мұғалімнің көмегімен қолдану	3.2.1.1 сөйлеу барысында мәтін тақырыбына сәйкес сөздерді мұғалімнің көмегімен қолдану	4.2.1.1 әңгімені өрбіту үшін мұғалімнің көмегімен қажетті сөздерді қолдану
2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу		1.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру	2.2.2.1 сюжетті сурет негізінде өз ойын мұғалімнің көмегімен айту	3.2.2.1 мұғалім ұсынған тақырып негізінде мұғалімнің көмегімен өз ойын айту	4.2.2.1 басталған мәтінді мұғалімнің көмегімен өз аяқтау
2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және Тілдік	0.2.3.1 мұғалімнің көмегімен сұхбаттасының не туралы айтқанын	1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен сұхбаттасының не туралы айтқанын	2.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге	3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың	4.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу, сұхбаттасын түсіну және оның сөзін

нормаларды қолдану	түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру	түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру	қатысу және сұхбаттасының не туралы айтқанын мұғалімнің көмегімен түсіну	ойын мұғалімнің көмегімен толықтыру	нақтылау, анықтау, мұғалімнің көмегімен өз сөзімен айтып беру
2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау		1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтінді/ қарапайым оқиғаларды мазмұндау	2.2.4.1 оқиға желісін сақтай отырып, таныс сөздерді қолдану арқылы шынайы және ойдан құрастырылған оқиғаларды мұғалімнің көмегімен баяндау	3.2.4.1 өзінің жоспар/ жазбаларын қолдана отырып, оқиғалар/ әңгімелерді үлгі бойынша өз сөзімен айтып беру	4.2.4.1 тыңдаушыны еліктіру мақсатында оқиғалар/ әңгімелерді мұғалімнің көмегімен дәлме-дәл айтып беру
2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту		1.2.5.1 мұғалімнің көмегімен қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін өз сөзімен суреттеу	2.2.5.1 фильмдер мен тыңдалым материалындағы сөйлемдерді қолданып, мұғалімнің көмегімен сюжетті суреттеу	3.2.5.1 фильмдер мен тыңдалым материалындағы оқиғаларды өмірдегі жағдайлармен салыстырып үлгі бойынша суреттеу	4.2.5.1 фильмдер мен тыңдалым материалдарындағы оқиғаларға өзінің көзқарасын мұғалімнің көмегімен білдіру
2.6 Оқылған/ тыңдаған материал бойынша ой-пікір білдіру		1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған/ оқыған	2.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат, кейіпкер,	3.2.6.1 тыңдаған/ оқыған материал бойынша өз	4.2.6.1 тыңдаған/ оқыған материал бойынша өз

		материал туралы өзінің қарапайым пікірін (келісемін/келіспеймін, ұнайды/ұнамайды) айту	оқиға туралы қарапайым ой-пікірін (мен ... ойлаймын, мен ... санаймын) мұғалімнің көмегімен айту	көзқарасын (маған ... сияқты, маған ... тәрізді) мұғалімнің көмегімен айту	көзқарасын (менің ойымша ..., ... деп ойлаймын) мұғалімнің көмегімен дәлелдеу
--	--	--	--	--	---

3) «Оқылым» бөлімі:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Оқу түрлерін қолдану	0.3.1.1 таныс әріптерді оқу	1.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу	2.3.1.1 мәтінді мұғалімнің көмегімен мәнерлеп оқу	3.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу мұғалімнің көмегімен (шолып танысу, рөлге бөліп оқу)	4.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мәтін немесе оның бөлімдерін мұғалімнің көмегімен (рөлге бөліп оқу, теріп оқу) мәнерлеп оқу
3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну		1.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну	2.3.2.1 таныс сөздерден құрастырылған қарапайым сөйлемдердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну	3.3.2.1 таныс сөздер мен сөз тіркестерінен құрастырылған шағын мәтіннің түйінді тұсын мұғалімнің көмегімен түсіну	4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіннің түйінді тұсын мұғалімнің көмегімен түсіну

3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	0.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) мұғалімнің көмегімен ажырату	1.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) мұғалімнің көмегімен ажырату	2.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме) мұғалімнің көмегімен ажырату	3.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме және мақал-мәтелдер) мұғалімнің көмегімен ажырату, әңгімелеу/ сипаттау мәтінін анықтау	4.3.3.1 мәтіннің жанрын(өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме, мақал-мәтелдерді және жаңылтпаштарды) мұғалімнің көмегімен ажырату, пайымдау мәтінін анықтау
3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	0.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қою	1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша?) қою	2.3.4.1 мәтіннің мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен қарапайым сұрақтар құрастыру және оған жауап беру	3.3.4.1 мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және мұғалімнің көмегімен оған жауап беру	4.3.4.1 мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалайтын сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және мұғалімнің көмегімен оған жауап беру
3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу		1.3.5.1 мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу	2.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу	3.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты іздеу жолын білу және табу	4.3.5.1 мұғалімнің көмегімен қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар,

					энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу
--	--	--	--	--	---

4) «Жазылым» бөлімі:
4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу		1.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді мұғалімнің көмегімен жазу	2.4.1.1 заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша мұғалімнің көмегімен өзара байланысқан сөйлем жазу	3.4.1.1 тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша мұғалімнің көмегімен өзара байланысқан сөйлем жазу	4.4.1.1 оқиғаларды үлгі бойынша сурет (комикс) түрінде ұсыну
4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	0.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/тыңдау-көру материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу	1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/тыңдау-көру материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/тыңдау-көру материалдары бойынша сөз тіркестерін жазу	3.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/тыңдау-көру материалдары бойынша қысқа жазбалар жазу	4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/тыңдау-көру материалдары бойынша шағын мәтін жазу

4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау			2.4.3.1 мұғалімнің көмегімен жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану	3.4.3.1 алгоритм бойынша өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану	4.4.3.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтін құрастыруда сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану
4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	0.4.4.1 мұғалімнің көмегімен бас әріптер мен кіші әріптерді санитарлық - гигиеналық талаптарға сәйкес бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу	1.4.4.1 мұғалімнің көмегімен бас әріптер мен кіші әріптерді санитарлық - гигиеналық талаптарға сәйкес бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу	2.4.4.1 мұғалімнің көмегімен бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын дамыту	4.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу және каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру

5) «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі:
5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/ сынын/ санын/ іс-қимылын білдіретін	1.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/ сынын/ санын/ іс-қимылын білдіретін	2.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/ сынын/ санын/ іс-қимылын білдіретін	3.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен	4.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/ сынын/ санын/ іс-қимылын білдіретін сөздер мен

	сөздерді ауызша тілде қолдану	сөздерді ауызша тілде қолдану	сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану	көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату және құрастыру	көмекші сөздердің мағынасын түсіну, ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану
		1.5.1.2 мұғалімнің көмегімен көптік/ тәуелдік/ жіктік /септік жалғаулары н ауызша тілде қолдану	2.5.1.2 сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен көптік/ тәуелдік/ жіктік /септік жалғаулары н қолдану	3.5.1.2 көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде және кесте арқылы жазбаша тілде қолдану	4.5.1.2 көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде және жазбаша тілде кесте арқылы еркін қолдану
		1.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану	2.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалімнің көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану	3.5.1.3 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында есімше түрлерін, тұйық етістіктерді қолдану	4.5.1.3 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында түрлі қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді (есімше, көсемше, рай) қолдану
	0.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында	1.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында	2.5.1.4 мұғалім көмегімен сөйлеу барысында	3.5.1.4 мұғалім көмегімен жіктеу есімдіктеріні	4.5.1.4 мұғалімнің көмегімен жіктеу есімдіктеріні

	сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану	сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану	есімдіктерді (сілтеу, сұрау есімдіктерін) қолдану	ң септелуін және септеулік шылауларды ауызша тілде қолдану	ң септелуін және септеулік шылауларды ауызша және жазбаша тілде қолдану
		1.5.1.5 мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру	2.5.1.5 мұғалімнің көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем құрастыру	3.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің көмегімен құрмалас сөйлем құрастыру	4.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және мұғалімнің көмегімен құрмалас сөйлем құрастыру
			2.5.1.6 мұғалім көмегімен айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату	3.5.1.6 мұғалімнің көмегімен айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату және құрастыру	4.5.1.6 мұғалімнің көмегімен сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) біртүрден екінші түрге айналдыру
5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	0.5.2.1 әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды мұғалімнің көмегімен дұрыс айту	1.5.2.1 әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды мұғалімнің көмегімен дұрыс айту	2.5.2.1 мұғалімнің көмегімен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айту және жазу	3.5.2.1 мұғалімнің көмегімен жаңа сөздерді орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктер көмегімен қатесіз дұрыс	4.5.2.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді мұғалім көмегімен дұрыс жазу және айту

				жазу және айту	
	1.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу	2.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу	3.5.2.2 мұғалімнің көмегімен дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту және емлесін сақтап жазу	4.5.2.2 мұғалімнің көмегімен сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын ескеріп айту және жазу	
0.5.2.3 мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарлары на берілген ат) ажырату	1.5.2.3 мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарлары на берілген ат) ажырату				

28. Бағдарлама психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
0-4-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу
бағдарламасына қосымша

Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақмерзімді жоспар

1) 0-сынып:
1 кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	0.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, мұғалімнің көмегімен түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.1.3.1 тыңдаған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/ суреттер/ сызбалар таңдау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	0.2.1.1 сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін мұғалімнің көмегімен сөздер мен сөз тіркестерін қолдану
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды сақтау	0.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, мұғалімнің көмегімен түрлі тәсілдермен жауап беру
		2.6 Оқылған/тыңдаған материал бойынша пайымдама жасау	0.2.6.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған/оқыған материал туралы өзінің қарапайым пайымдама (келісемін/келіспеймін, ұнайды/ұнамайды) жасау
2. Менің мектебім	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	0.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	0.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) мұғалімнің көмегімен ажырату
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	0.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну

	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	0.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді) мұғалімнің көмегімен жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.2 мұғалімнің көмегімен көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде қолдану
2-тоқсан			
3. Менің отбасым және достарым	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	0.1.5.1 қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/көрген мәтінді түсінгенін мұғалімнің көмегімен білдіру
Айтылым	2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру	
	2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және Тілдік нормаларды қолдану	0.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, мұғалімнің көмегімен түрлі тәсілдермен жауап беру	
	2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	0.2.5.1 қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін мұғалімнің көмегімен өз сөзімен суреттеу	
	2.6 Оқылған/тыңдаған материал бойынша пайымдама жасау	0.2.6.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған/оқыған материал туралы өзінің қарапайым пайымдама (келісемін/келіспеймін, ұнайды/ұнамайды) жасау	
Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	0.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу	
	3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	0.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну	
	3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	0.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) мұғалімнің көмегімен ажырату	
	3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	0.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша?) қою	
Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	0.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді) мұғалімнің көмегімен жазу	
	4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	0.4.4.1 мұғалімнің көмегімен бас әріптер мен кіші әріптерді санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес бір-	
4. Бізді қоршаған әлем			

			бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.2 мұғалімнің көмегімен көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде қолдану; 0.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану; 0.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану; 0.5.1.5 мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру
3-тоқсан			
5. Саяхат	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	0.1.5.1 қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/көрген мәтінді түсінгенін мұғалімнің көмегімен білдіру
	Айтылым	2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану	0.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, мұғалімнің көмегімен түрлі тәсілдермен жауап беру
		2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	0.2.4.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтінді/ қарапайым оқиғаларды мазмұндау
	Оқылым	3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	0.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) мұғалімнің көмегімен ажырату
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	0.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша?) қою
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	0.3.5.1 мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу
	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	0.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді) мұғалімнің көмегімен жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	0.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру
	6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну
1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну			0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну
1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну			0.1.5.1 қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/көрген мәтінді түсінгенін мұғалімнің көмегімен білдіру
Айтылым		2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану	0.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, мұғалімнің көмегімен түрлі тәсілдермен жауап беру
		2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	0.2.4.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтінді/ қарапайым оқиғаларды мазмұндау
Оқылым	3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	0.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) мұғалімнің көмегімен ажырату	
	3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	0.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша?) қою	
	3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	0.3.5.1 мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу	
Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	0.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді) мұғалімнің көмегімен жазу	
	4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	0.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру	

			материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу
		4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	0.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптерді санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/сынын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану; 0.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану ; 0.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану; 0.5.1.5 мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру
		5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	0.5.2.1 әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды мұғалімнің көмегімен дұрыс айту; 0.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу; 0.5.2.3 мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді (адамдардың есімдерін, жер-су аттарын, үй жануарларына берілген атауларды) дұрыс жазу
4тоқсан			
7. Тағам және сусын	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	0.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.1.3.1 тыңдаған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/суреттер/сызбалар таңдау
	Айтылым	2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	0.2.4.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтінді/ қарапайым оқиғаларды мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	0.2.5.1 қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін мұғалімнің көмегімен өз сөзімен суреттеу
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	0.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	0.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну
3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу		0.3.5.1 мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу	

8. Дені саудың – жаны сау!	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	0.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді) мұғалімнің көмегімен жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	0.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	0.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану; 0.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану; 0.5.1.5 мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру
		5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	0.5.2.1 әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды мұғалімнің көмегімен дұрыс айту; 0.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу

2) 1-сынып:
2-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	1.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, мұғалімнің көмегімен түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну
